

## Қазақстан Республикасында табиғи газбен жабдықтауды қамтамасыз ету шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 19 қарашадағы N 352

1. Қазақстан Республикасында табиғи газбен жабдықтауды тиімді және үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясына өз ресурстарының есебінен "Энергоцентр - ЕС - Қазақстан" мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесе отырып, орын ауыстыру жолымен Қарашығанақ табиғи газын өңделгеннен кейін республиканың ішкі нарығына беріп тұру мәселесін шешу ұсынылсын.

2. Өз ресурстарынан газды транзиттеу тұтынушылардың тиісті шарттары мен өтінімі болған кезде шұғыл тәртіппен қамтамасыз етіледі деп белгіленсін.

3. "Энергоцентр - ЕС - Қазақстан" мемлекеттік кәсіпорны "Қазфосфор" акционерлік компаниясын және оның бөлімшелерін келісім-шарт негізінде газбен жабдықтауды қамтамасыз ететін қажетті шараларын қабылдасын.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр